ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 11 шілде дело №7119-25-00-2/6901 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Mega Sapa» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2025 жылдың 28 қаңтарда «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы (тапсырыс беруші) мен «Mega Sapa» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында №49 мемлекттік сатып алу туралы шарттар жасалған, онда жауапкер 2 500 дана медициналық қалдықтарды жинауға және кәдеге жаратуға арналған пластикалық контейнер жеткізу туралы міндеттеме алған. Жалпы шарттар сомасы 1 500 000 теңге құрайды. Тауар жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 20 күнтізбелік күні ішінде.

2025 жылғы 21 сәуірде тапсырыс беруші өнім берушіге техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған, атап айтқанда 2025 жылғы 12 мамырға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде тиісті түрде жеткізілмеген.

Тараптар арасында аталған шарттар біржақты 2025 жылғы 09 маусымда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкер шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда қызмет көрсетушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін талаптарды орындамаған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді. Жауапкердің кінәлі әрекетінен шарт міндеттемелері орындалмаған.

Тараптар арасындағы шарт тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2025 жылғы 9 маусымда бұзды. Біржақты тәртіппен бұзылған шарттар жауапкермен дауланбады.

Істің мұндай жағдайында, «Mega Sapa» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 1 966 теңге мемлекет пайдасына жауапкерден өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының жауапкер «Mega Sapa» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 11.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 03.10.2025
7119-25-3-1/6650

Жауапкер «Mega Sapa» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Mega Sapa» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 11.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 03.10.2025

7119-25-3-1/6650